

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан 2024 жыл 3 апта
I-IVтоп


Сабақтың мақсаты:

- Ересек адамның өтініші бойынша аталған әрекеттерді орындау үшін заттарды таңдауға үйрету;
- «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;
- Танымдық аймағын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 19.12.2024	Жұма 20.12.2024
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен логопедмен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен логопедке кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	Балалармен амандасу: «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біз қыс туралы сөйлесеміз.» • Балалардың көңіл-күйлерін сұрау: «Қалайсыңдар? Көңілді болсаңдар, алақандарыңды шапалақтаңдар!» «Қазір біз қысқы ертегіні ашамыз. Қыс қандай болады екен?»				
Негізгі кезең	Артикуляциялық жаттығулар (5 минут): Мақсаты: Сөйлеу аппаратының жұмысын жақсарту. • «Қар жейді»: Ерінді ашып-жабу (жұмсақ қозғалыстар). • «Қар ұшады»: Ерінді түтікше етіп жинау. • «Аққала жасаймыз»: Тілді таңдайға тигізіп, «түк-түк» деген дыбыс шығару. Логопедтің әрекеті: • Әр жаттығуды көрсетеді және балалардың		Артикуляциялық жаттығулар (5 минут): Мақсаты: Сөйлеу аппаратының жұмысын жақсарту. • «Қар жейді»: Ерінді ашып-жабу (жұмсақ қозғалыстар). • «Қар ұшады»: Ерінді түтікше етіп жинау. • «Аққала жасаймыз»: Тілді таңдайға тигізіп, «түк-түк» деген дыбыс шығару. Логопедтің әрекеті: • Әр жаттығуды көрсетеді және балалардың		

	қайталауын бақылайды. 3. Жаңа тақырыпты түсіндіру. - Балаларға көңілді атмосфера орнату үшін ойын: Ойын: «Құс болып ұшамыз» «Кәне, бәріміз құстардай қанат қағып ұшамыз!» (Балалар қолдарын қанат сияқты қағады). Сұрақтар: - Балалар, құстар не істейді? - Құстар қыста қайда кетеді? Әңгімелеу - Балаларға қыстайтын құстар туралы қысқаша айтып беру: «Құстардың кейбіреуі жылы жаққа ұшып кетеді, ал кейбір құстар қыстап қалады. Қыстайтын құстардың ішінде торғай, қарға, көгершін, тоқылдақ сияқты құстар бар. Қыста тамақ табу қиын болғандықтан, оларға адамдар көмектеседі. Біз оларға жемсауыт жасап, тамақ берсек, құстар аман-есен қыстан шығады». Құстармен таныстыру - Суреттерді немесе ойыншықтарды көрсету: Торғай, Қарға, Тоқылдақ, Көгершін. - Әр құстың ерекшелігін айтып беру: - Торғай – кішкентай, пысық құс. - Қарға – ірі, қара құс. - Тоқылдақ – ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді. - Көгершін – қалада жиі ұшырайды, ұясы биікте болады.	қайталауын бақылайды. - Балалармен амандасу. - Шеңберге тұрғызып, сергіту сәтін өткізу: Сергіту сәті: «Ұш, ұш, торғайым, Көкке самға, торғайым. Тамақ ізде, қар түсті, Ашық тұр маңдайың!» Сұрақтар: - Балалар, қыста құстар не істейді? - Қыста барлық құстар бізбен бірге қала ма? 2.1 Әңгімелеу - Қыстайтын құстардың атауларымен таныстыру: Торғай, қарға, тоқылдақ, көгершін. - Әр құстың ерекшеліктерін айту: - Торғай – кішкентай, адамдар берген дәндерді жейді. - Қарға – ірі құс, қоқыстан тамақ іздейді. - Тоқылдақ – ағашты тоқылдатып, қоңыздарды табады. - Көгершін – қалада тіршілік етеді, нан кикымдарын жейді.
--	---	--





Ересек адамның отініші бойынша аталған әрекеттерді орындау үшін заттарды таңдауға үйрету
1. «Кім тез тауып алады?»

Мақсаты: Балаларды заттарды тануға және дұрыс атауға үйрету.

Қалай ойнауға болады:

- Әртүрлі заттарды үстелге (ойыншықтар, жемістер, кітаптар, киімдер және т.б.) қойыңыз.
- Балаларға: «Маған қызыл допты әкел», «Кітапты көрсет», «Жасыл машинаны тап» деп айтыңыз.
- Дұрыс затты тапқаны үшін балаға мақтау немесе жұлдызша беріңіз.

2. «Бұл не? Тап!»

Мақсаты: Заттарды тану және олардың қасиеттерін үйрену.

Қалай ойнауға болады:

- Бір затты (мысалы, алма, жұмсақ ойыншық) қапшыққа жасырыңыз.
- Бала затты сипап, не екенін табуға тырысады.

2.2 Дидактикалық ойын: «Суреттен құсты тап»

• Балаларға әртүрлі құстардың суреттерін көрсетіп, қай құс қыста қалатынын анықтауды сұраңыз.
Мысалы:

• Көрсетілген құстар ішінде аққу мен қарғаның суреті болса, балалар тек қарғаны тандайды.

2.3 Құстардың дауысын тыңдау

• Қыстайтын құстардың дауысын қосу (мысалы, торғайдың шырылы, қарғаның қарқылы).
• Балалардан «Бұл қай құс?» деп сұрау.

Ересек адамның отініші бойынша аталған әрекеттерді орындау үшін заттарды таңдауға үйрету
«Жұбын тап»

Мақсаты: Байқағыштықты және заттарды салыстыру қабілетін дамыту.

Қалай ойнауға болады:


- Үстелге бірдей заттардың жұбын (екі қасық, екі доп, екі ойыншық т.б.) қойыңыз.
- Баладан әр заттың жұбын табуды сұраңыз.
«Мен не сипаттап тұрмын?»

Мақсаты: Сөздік қорды дамыту және заттарды қасиеттері бойынша тануды үйрету.

Қалай ойнауға болады:

- Белгілі бір затты сипаттаңыз: «Бұл дөңгелек, шырынды, қызыл түсті. Ол не?» (Жауабы: алма).
- Бала дұрыс тапса, келесі затқа көшіңіз.
«Сикырлы себет»

	• Табу үшін қосымша сұрақтар қоюға болады: «Бұл қатты ма?», «Бұл дөңгелек пе?». 3. «Түстер мен пішіндерді тап» Максаты: Түстерді және пішіндерді тануды дамыту. Қалай ойнауға болады: • Әртүрлі пішіндер мен түстердегі заттарды көрсетіп, олардың атауларын сұраңыз: «Бұл қандай пішін?», «Бұл заттың түсі қандай?». • Балалардан: «Дөңгелек қызыл затты көрсет», «Көк үшбұрышты әкел» деп өтініңіз. Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?» • Логопед сипаттама береді, балалар құстың атын атайды. Мысалы: • «Бұл құс ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді» (Тоқылдақ). • «Бұл кішкентай құс, ол адамдар берген дәнді жейді» (Торғай). 2.4 Қимылдық ойын: «Құстар ұшады» • Егер тәрбиеші «Құстар ұшады» десе, балалар құстардай қанат қағады. • Егер «Құстар демалады» десе, балалар қозғалмай отырады. Айырмашылығын тап.	Максаты: Заттарды топтарға бөлуді үйрету. Қалай ойнауға болады: • Себетке әртүрлі заттарды салыңыз (ойыншықтар, асүй құралдары, кенсе заттары). • Баладан заттарды белгілі бір топқа жинауды сұраңыз: «Тек ойыншықтарды ал», «Тек көкөністерді таңдап қой». Қимылдық ойын: «Құстар қонақта» • Балалар құстардың қимылдарын бейнелейді: • Торғай – секіреді. • Қарға – қарқылдайды. • Тоқылдақ – ағашты тоқылдатады. • Көгершін – басын шайқап, баяу қозғалады. Шығармашылық жұмыс: «Құстарды бояйық» • Балаларға құстардың дайын суреттерін тарату. • Балалар әр құсты дұрыс түске бояйды: • Торғай – қоңыр. • Қарға – қара. • Тоқылдақ – қара, ақ, қызыл. • Көгершін – сұр немесе ақ.
--	---	--

		
Сабақтың соңы	- жарайсындар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?	Балаларға сұрақтар қояды: «Қыста қандай болады? Қар қандай түсті?»

Әдіскер С.С. Каримова - Каримова С.С.